

## БІЛІМ МЕН БІЛІК

## Болашақ – жастардың қолында

**Өркениеттің өлшемі де, мемлекеттің келешегі де қашан да қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді. Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды.**

Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі тиіс. Олардың оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруі тиіс», - деп атап көрсеткен болатын. Бұл деңгейіміз жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттігі. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, ұлттық рухтағы әлемдік білім деңгейі талаптарына сай ұлтжанды азамат тәрбиелеу үшін әр мұғалім күнделікті сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану, құзыреттілік-өрекеттілік тұрғыда оқыту, жаңаша авторлық технологиялар мен бағдарламалар құрастырып, жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Бүгінгі заман әр ұстаздан үздіксіз

ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті, құзырлықты, қажет жолындағы инновациялық технологияларды тиімді қолдануды қажет етеді.

Қазіргі кезде тәуелсіз елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Сөйтіп, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым - қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалім-

дердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге оқытушыларды даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісін бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастырудың үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Инновациялық технологияның тиімділігі – оқыту технологиясының қазіргі нарықтық жағдай, бәсекелестік талабына сай, нәтижесін белгілі бір білім стандартына сай жоғары білім болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда ұлт зиялыларына да жүктелер міндет өте ауыр. Сол зиялы қауымның бірі - біздер ұстаздар. Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағылымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де – білім. Осы тұрғыда М.Әуезов атындағы ОҚУ-де Филология факультетіне қарасты «Гуманитарлық мамандықтар бойынша шетел тіл-

дері» кафедрасы студенттердің ағылшын тілін жақсы меңгеруге өз үлесін қосуда. Кафедра оқытушылары заман көшінен қалыспай озық технологияларды меңгеруді мақсат етіп, түрлі вебинар, конференциялар өткізіп, тәжірибе жинақтауда.

Соның дәлелі жақын арада Өзбекстан еліндегі Өзбекстан мемлекеттік заң университетімен бірлесіп отырып «Problems of online learning in groups of non-linguistic specialties in foreign language lessons»- Тілдік емес мамандықтарда шет тілін онлайн оқытуда туындайтын мәселелер атты тақырыпта вебинар өткізілді. Вебинардың соңы онлайн ашық сабақтарға ұласты. Өзіміз білетіндей Мемлекет дамуындағы маңызды мәселенің бірі – үш тұғырлы тіл мәселесі. Соған орай кафедрада «Тәуелсіздігімізге 30 жыл» атты студенттік конференция өтіліп студенттер өз баяндамаларын ағылшын тілінде жеткізді. Бұл іс-шаралардың мақсаты тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратынын, ол танудың, түсінудің, дамудың құралы екенін айқындау.

Қазіргі таңда көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғаралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып тұр. Кафедраның білікті оқытушылары студенттердің тілге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында өз сабақтарында шетелдік озық инновациялық технологияларды пайдаланады. Студенттерде өз қызығушылықтарын танытып тілге

деген білімдерін шындай түсуде. Кафедра аға оқытушысы А.Суюндиковтың жетекшілігімен МС-20-17К тобының студенті Алия Азамат өзінің тілдік қабілетін жоғары деңгейде көрсете білді. Биылғы сәуір айында отандық жоғары оқу орындары арасында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясында ұйымдастырылған ағылшын тілінен өнер мамандықтардағы студенттермен өткізілген олимпиадаға Алия Азамат қатысып 3-ші орын иеленген.

Қазір жаһандану жағдайында жалғыз тілмен қала алмайсың. Әлемдік ақпарат, технология, жаңа инновациялық индустрия ағылшын тілінде жүріп жатыр. Яғни тіл – басқа елдерге жол ашатын ерен күш. Өткен ғасырдың өзінде ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин «Озық өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін білімді, көкірек көзі ояу, бірнеше тілді еркін игерген ұлтжанды тұлға тәрбиелеу – барлық адамзаттың басты борышы болуы керек» деп озық педагогикалық идеясын айтқан болатын. Оның баға жетпес осы бір ойының өзі қанша уақыт өтсе де маңызын жоймай, ғасырлар сабақтастығын көрсетеді, тек болашаққа жетелейді. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Кафедра оқытушылары осы тұрғыда студенттердің ағылшын тілін жақсы меңгеруіне бар күштерін салып, елеулі үлес қосуда.

**Айман СУОБЕРДИЕВА,  
Гулмира ТАСТАНОВА,  
«Гуманитарлық мамандықтар үшін шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушылары**

## ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

## Парызымыз – білімді ұрпақ тәрбиелеу

**Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов: «Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүйіп шарт. Сол сүйіп орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек», - деген өнегелі сөздерінің мағынасы өте терең, әрі әрбір ұстазымыздың ұранына айналуы тиіс деп білеміз. Ғұлама ғалымның атымен атанатын жоғары оқу орынының ұстаздар қауымы бүгінгі таңда шәкірт тәрбиелеуде ана тілін, тарихын, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін қадірлеуді ерекше орынға қояды.**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті білім беру ордаларының ішінде беделді, ірі жоғары оқу орындарының бірі болып саналады. Қазіргі таңда, көп салалы университет, аймағымыздың инфрақұрылымының дамуына, халықаралық қоғамдастықтағы интеграция мен жаһандану үрдістеріне белсенді қатысатын ғылыми-білім беру, интеллектуалдық, мәдени орталығы болып табылады. 70 жылдық тарихы бар білім ордасы еліміздегі жоғары оқу орындарының рейтингінде III-орынды иеленеді. Бұл осында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан оқытушы-профессорлардың ерен еңбегі екені айқын. Осы оқу ордасында оқитын студенттердің басым көпшілігін облысымыздың жастары құрайды. Аталмыш оқу орынында білім алып, өз саласының үздігі атанған бітіруші түлектер сан түрлі саланы тізгінін ұстап, еліміздің дамуына сүбелі үлесін қосып, өз мүмкіндіктерін жүзеге асырып келеді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Қожамжарова Дария Пернешқызы оқу ордасының басты қағидаларын келесідей сипаттаған болатын: «Біз қазір білім жолында жаңа үлгіні, Қазақстандық модельді ұйымдастыруға негіз салып отырмыз. Біздің алдымызға қойған мақсатымыз, өте сүбелі деп айтуымызға болады. Ең бірінші дербестік. Осы дербестікті дүрді пайда-

лану. Ашықтық. Ол студенттермен оқытушы-профессор құрамның арасындағы бір-біріне деген сыпайы, ілтипатты қарым-қатынасты орнату және жемқорлыққа қарсы тұру». Ректорымыздың сөздеріне қосыла отырып, біздің ең басты мақсатымыз – жастарға білім беру жолында аянбай еңбек етіп, студенттерімізді тек Қазақстанда ғана емес, өзге мемлекеттерде де еліміздің атын шығарып, абыройын жоғары ұстайтын дарынды, ерекше қабілетті тұлға етіп қалыптастыру.

Бүгінде, Халықаралық рейтинг агенттігі Quacquarelli Symonds (QS) 2021 жылғы әлемнің ең үздік университеттерінің рейтингін жариялауы бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 482 позицияға тұрақтады, өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 8 позицияға жоғарылаған деген қуанышты хабарды естіп, жүрекке ерекше мақтаныш сезімі ұялады. Рейтингке қатысқан Қазақстанның 14 жоғары оқу орнының ішінде Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті үздіктердің үштігінің қатарында табылды. Бұл жетістік жоғары оқу орынымыздың білім беру сапасының үнемі жақсарып отыратынының дәлелі.

**Балжан ТЛЕУБАЕВА,  
«Өнер» кафедрасының  
меңгерушісі, п.ғ.к., доцент**

## ІЗГІ ЛЕБІЗ

## Оқу ордам – мақтанышым

**Қай заманда болсын, әрбір мемлекеттің өркендеуі мен тұғырының биік болуы – сол елдің білімді де белсенді жастарының қолында. Қарымды қаламгер М.Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім», - деп білімнің адам өміріндегі маңызын атап өтті. Жас буынды бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – бүгінгі білім ордаларының басты мақсаты болып отыр. Сондықтан мамандық таңдауда ғана емес, жоғары оқу орнын сараптау кезінде де қателік жібермеген жөн. Осы тұста мен де еліміздің үздік университеттерін ұзақ сараптадым, менің таңдауым М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті болды.**



**Аружан САМИДИН,  
журналистика  
мамандығының  
1 курс студенті**

Біздің жоғары оқу орны 2012 жылдан бері QS әлемдегі беделді университеттер рейтингісіне қатысып келеді. Халықаралық рейтинг агенттігінің нәтижесі бойынша 2021 оқу жылында университет әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының ішінен 482-ші орынға көтерілді. Бұл біздің университеттің әлемдік білім кеңістігінің жоғары стандартына сай екенін дәлелдеп отыр. Бұл университеттің бүгінгі тыныс-тіршілігі мен ерен еңбегінің нәтижесі

екендігін айқындайды.

Университетімізде әрдайым жаңа идеялармен жұмыс жасайтын білікті ұстаздар қауымымен бірге белсенді студент жастардың қатары да көптеп саналады. Білікті де білімді оқытушылар мен жалынды жастардың арқасында оқу ордамыз өзге университеттерден оқ бойы озып келеді. Университетте студенттер үшін жан-жақты жағдай қарастырылған. Жайлы әрі кең оқу залдары, технологиялық жабдықтар мен заманауи білім беруге бағытталған аудиториялар жетерлік. Сондай-ақ, білім ордасында елімізге танылмай келе жатқан мамандар, техникалық, гуманитарлық, педагогикалық бағыттарда білім беру ісінде, мәдениет пен өнерде, спорт саласында еңбегі сіңген қызметкерлер жемісті еңбек етіп келеді.

Университет жоғары білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға, оларды өндіріске

енгізуге бағытталған білім беру, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндірістік әлеуетке ие. Сонымен қатар, университетте білімге ғана емес, тәрбиелік және әлеуметтік жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. Білім алушылардың шеберлігін жанды мақсатында түрлі конференциялар, дебаттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер мен қызықты жиындар өтеді, тіпті әрбір студент жастар ұйымдары қатарына қосылып, оқу ордасындағы әлеуметтік жұмыстарға белсенде араласса да болады. Біздің университет көп жылдық оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесіне бай білім беру орындарының қатарында саналады.

Мен М.Әуезов атындағы ОҚУ, журналистика мамандығының алғашқы курс студентімін. Бір жыл ішінде университет базасы мен біліктілігінің арқасында жаңа жобалар жасап, тың идеяларымызды сабақ барысында шыңдап, білім арқылы дамыттық. ОҚУ – бұл менің таңдауым!